

Кайратова А.К., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, Тур-31 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші – Төлеуұлы А.*)

ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТА МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІН ДАМУ

Бүгінгі таңда мемлекетімізде қызмет көрсету саласы, оның ішінде қоғамдық тамақтандыру саласы өте жоғары қарқынмен дамып келеді. Ал бұл өз кезегінде қоғамдық тамақтану саласына сұраныстың барлығын дәлелдейді. Сұранысқа әсер ететін факторлар – ол халықтың табыс деңгейінің жоғарылауы, халықаралық интеграцияның дамуына байланысты елімізге шетел азаматтарының сапар шегіп келуі және де үй атмосферасы сыртында дем алуға деген қажеттіліктің болуы [1].

Мейрамханалық бизнес тартымды әрі перспективті: мейрамхананың орны мен әзірлейтін тағамдарын дұрыс таңдау, атмосфера және білікті ұйымдастырылған қызмет көрсету нарықты тартуға мүмкіндік береді және жоғары пайда мен инвестицияларды қамтамасыз етеді. Мейрамханалар қоғамда маңызды роль атқарады. Мейрамханаларға «бару» маңызды әлеуметтік функция болып табылады. Адамдар тек тойынуға ғана емес, сонымен қатар бір бірімен қарым-қатынас орнатуға мұқтаж.

Мейрамханалық бизнес – арнайы орны бөлінген және негізгі гигиеналық, заң шығарушылық талаптарға жауап беретін, клиентті тамақ пен сусынмен қамтамасыз ететін қызмет көрсету түрінің ұйымдастырылуы.

Мейрамхананың сәтті жұмыс істеуі көптеген факторларға байланысты. Кез келген басқа күрделі жүйе тәрізді мейрамхана да оны ұйымдастырушының ниетінен басталып, оның қызмет етуіне бақылау жасаумен аяқталады. Ниет пен бақылау – жүйенің сәтті қызмет етуіне ықпал болатын жалғыз факторлар емес. Мейрамхананың тиімді функционалдауын қамтамасыз ету үшін келесідей факторларға назар аудару қажет: кредо, мақсаттар мен міндеттер; нарық; тұжырымдама мен профиль; орналасу орны; ас мәзірі; атмосфера; аренда соммасы; басқа шығындар.

Мейрамханалық бизнес өз қызметінде толығымен клиенттің сенімі мен жылы қатынасын жаулап алуға бағытталған. Тұтынушылардың талғамы үнемі өзгеріп, жоғарылап отырады. Бұл өз кезегінде мейрамхана басшылығына өндірістік және мәдени-әлеуметтік сервисті жетілдіруге негіз болады. Мейрамханалық бизнестің дамып, осылайша жетілуі тұтынушылардың талап-тілектерінің өсуімен байланысты.

Тұтынушылардың талғамының өсуімен қатар, мейрамханалық бизнесті прогресске алып келген – бәсеке. Әрбір мейрамхана тұтынушы талабын қанағаттандыру, тұтынушылар санын көбейту жолында қызмет етіп келеді. Себебі әрбір кәсіпорын мақсаты – пайда максимизациясы, ал мейрамхана пайданы максималдау үшін өзінің тұтынушы көлемін неғұрлым максимум деңгейге жеткізуі қажет. Сондықтан қатаң бәсеке жағдайында мейрамханалар өз қызметін жетілдіріп отырмаса, сату көлемін ұлғайту мақсатында маркетинг шараларын өткізбесе бәсекелестерінен әлдеқайда артта қалады.

Мейрамхана тұжырымдамасы мейрамхана орналасқан орынға және орналасу орны оның тұжырымдамасына сәйкес келуі қажет. Мейрамхананың орналасу орны оған келушілерге, яғни ұйғарымды нарыққа ұнауы керек. Әрине басқа факторлар да (тағам сапасы, ас мәзірі, қызмет көрсету, баға, атмосфера, менеджмент) өте маңызды.



Сурет 1. Тұжырымдама және нарық

Ескерту: [2] әдебиет көзі негізінде автормен құрастырылған

Мейрамхана бизнесінде қызмет көрсетудің стандарттары барлығына ортақ болғанымен әр елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайына байланысты дамып отыр. Әсіресе, жылдар бойы қалыптасқан Еуропа мемлекеттеріндегі мейрамхана бизнесінің мәдениеті туристер үшін қызықты. Біздің елімізде туризм индустриясын дамыту бағытында, оның ішінде тамақтандыру саласы үшін көптеген жұмыстарды атқару керек. Салт-дәстүріміздің ерекшеліктерін айқындайтын бағыттағы мейрамханалардың саны мен сапасын арттыру еліміздің болашағы үшін маңызды.

Туризмнің дамуы үшін еліміздегі мейрамхана қызметін жетілдіруіміз керек. Қазақстан әлемге танылып, елімізге келуші туристердің саны артып келеді. Елордамыз Астана қаласына келуші туристердің саны күннен-күнге артуда. Мәселен, 2013 жылы 80 мың шетелдік азаматты қоса есептегенде, Астанаға 500 мыңға жуық турист келген [3]. Ал 2017 жылы EXPO Халықаралық көрмесі қарсаңында Астана қаласына 5 млн-ға жуық турист келеді деп жоспарлануда [4].

2015 жылы [5, 6] дерек көзі бойынша Астана қаласында 245 мейрамхана, оның ішінде 90-ға жуығы ұлттық асханасы бар мейрамханалар жұмыс жасайды. Туристерге сапалы қызмет көрсету үшін мейрамхана бизнесінің қызмет сапасын жетілдіру қажет. Астана қаласында ұлттық асханасы бар мейрамханалар болғанымен, ұлттық деңгейге сай келетін мейрамханалар тапшы. Әрине, елімізде туризм индустриясы енді ғана қолға алынып жатқандықтан, ұлттық мейрамханаларды жетілдірудің мемлекеттік стандарттары әлі қарастырылмаған. Сол себепті, біздің ұлттық мейрамхана бизнесінің даму үрдісі төмен деңгейде. Ішкі туризмді жетілдіру үшін бірінші ретте ұлттық нақыштағы мейрамханалардың рөлін арттыруымыз қажет. Ол үшін елімізде мейрамхана бизнесіне қатысты нормативтік-стандарттарды енгізу керек.

Ұлттық мейрамханалардың рөлін арттыру мақсатында, елімізде келген туристердің ұлттық салт-дәстүрімізбен, мәдениетімізбен, ұлттық ойындарымызбен және бұйымдарымызбен танысуларына жағдай жасайтын ұлттық нақыштағы мейрамханалық кешендер ашуды ұсынамын.

Кесте 1 Ұлттық нақыштағы мейрамханалық кешенге SWOT-талдау

Артықшылықтары	Кемшіліктері
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бәсекеге қабілетті, жоғары сұранысқа ие, сапалы әрі қолжетімді түрөнім және қызмет түрлері; 2. Віркиіз-үйлердің болуы; 3. Мейрамхана интерьерінің ұлттық нақышта болуы; 4. Ұлттық тағамдар, ұлттық сусындар; 5. Ұлттық нақыштағы өнімдер; 6. Мемлекеттік қолдау. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ауа-райының кері әсері; 2. Вір киіз-үйлердің қыс мезгілінде болмауы; 3. Тәжірибенің жоқтығы; 4. Бәсекелестердің белсенділігі.
<p>Мүмкіндіктері</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; 2. Уақыт өте келе тұтынушылар санының артуы; 3. Қызмет сапасын арттыру; 4. Нарықта көшбасшы болу мүмкіндігі; 5. Жұмыспен қамту; 6. Қосымша қызметтердің саны мен сапасын арттыру. 	<p>Қауіп-қатерлері</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нарықта бәсекелестердің пайда болуы; 2. Инфляция; 3. Ұлттық асхана бәсекелестерінің болуы; 4. Тұтынушылардың сұраныстарының ауытқуы.

Ескерту: зерттеу автормен жүргізілген

Мейрамхана бизнесінің дамуын ұлттық нақышта ұйымдастырудың мәні зор. Себебі, жоғарыда айтып кеткендей, қазіргі таңда біздің елімізде туристер үшін туризмнің барлық салаларында, соның ішінде туристік қызмет көрсету саласының бір тармағына жататын мейрамхана бизнесінде сапалы қызметтің қажеттілігі күннен-күнге артуда. Еліміздегі туризм индустриясын дамыту мақсатында мейрамхана қызметін, оның ішінде ұлттық мейрамханалардың деңгейін жетілдіру және ұлттық

мейрамханаларды жетілдірудің мемлекеттік стандарттарын енгізу маңызды. Мейрамхана бизнесі экономиканың бір бөлігі ретінде халықты тамақтандырып қана қоймай, сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарын құрып, халықты жұмыспен қамтиды. Бұл елімізде шағын және орта бизнестің дамуына өз үлесін қосады. Туризм индустриясын дамыту бағытында шағын және орта бизнесті жандандыруымыз қажет, оның ішінде, туризм саласы үшін қызмет жасайтын кәсіпорындардың (мейрамхана, ойын-сауық, экскурсия және т.б.) бизнес-жобаларын ынталандырып, қолдау көрсетілсе, еліміздің туризм индустриясы дамып, ұлттық салт-дәстүріміз әлемге танылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Муталиева Л.М. Мейрамхана бизнесінің маркетингі: оқу құралы (орыс тілінен аударылған). – Алматы: «Экономика», 2013. – 214 б.
2. Джон Р«Введение в гостеприимство» - Москва. «Юнити-Дана» 2012г.735 с.
3. <http://kaztv.kaztrk.kz/>
4. <http://kapital.kz/>
5. <http://astana.restoran.kz/>
6. <http://real kz.com/>

Калиева К.М., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, юридический факультет, студентка гр. МП-31

(*Научный руководитель – старший преподаватель Старожилова Н.П.*)

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ И НАЦИОНАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ-СИРОТ

В последние десятилетия защита и охрана прав и законных интересов детей стали довольно актуальной темой. Наибольшее внимание уделяется социальной поддержке детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, принимаются всевозможные государственные меры по охране интересов этой группы детей. В настоящее время Казахстан участвует в международных договорах о защите прав детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, которые содержат предписания, обязательные для исполнения на территории страны, а также развивает национальное законодательство. В толковом словаре В. Даля, защита детства определяется как система мер, обеспечивающая охрану законных прав и интересов детей на основе разработки нормативных документов, которые определяют правовое положение несовершеннолетних; законодательное регулирование детского труда; совершенствование системы опеки, попечительства и усыновления детей, оставшихся без попечения родителей; создание сети специализированных социальных служб и учреждений для проведения коррекционной и реабилитационной работы с детьми, нуждающимися в соответствующей помощи [1, с.350]. Вопросы детей сирот имеют несколько аспектов. Это и профилактика сиротства и безнадзорности, усыновление и удочерение [2]. Мы рассмотрим аспект государственной защиты прав детей сирот.

Анализируя систему международных договоров, следует отметить, что особое значение имеют нормативные документы, которые были приняты Организацией Объединенных Наций. Женевская декларация прав ребенка (1924), Всеобщая декларация прав человека (1948), Декларация прав ребенка (1959), Конвенция о правах ребенка (1989), а также другие международно-правовые документы составляют систему международных стандартов в отношении защиты, охраны и обеспечения благополучия детей. Как отмечает Нугманова Э.А., Конвенция стала первым международным документом, в котором закреплялись права ребенка. Но перечень прав, изложенных в этом документе, оказался не полным в связи с появлением новых аспектов жизни [3, с.30]. Ребенок такой же субъект права как и любой взрослый, однако зависимое положение детей обычно создает для них трудности в использовании средств правовой защиты, когда их права нарушаются. Конвенция о правах ребенка 1989 года отмечает, что в особом внимании со стороны государства нуждаются дети, живущие в исключительно трудных условиях [4]. В первую очередь к этой категории людей относятся дети, которые лишены своего семейного окружения или не могут оставаться в этом окружении, т.е. сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей. К сожалению, анализ содержания Конвенции показывает, что в ней практически отсутствуют положения о защите прав детей сирот. Более того, особо отметим, что в международном праве сегодня нет специальной конвенции, посвященной этой проблеме.